


1 2008  
796к


СПОРТ  
САҢЛАҚТАРЫ



Баяхмет  
ЖҰМАБАЙҰЛЫ

# ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ БАЛУАНДАРЫ





**СПОРТ  
САҢЛАҚТАРЫ**

**Баяхмет  
ЖҰМАБАЙҰЛЫ**

# **ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ БАЛУАНДАРЫ**



**“Ер-Дәулет”**  
Астана  
2007

ББК 75.715.(5 Кит)

Ж 81

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ**

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

Жауапты редакторы  
**Төлеген Жәкітайұлы**

**Жұмабайұлы Б.**

Ж 81 **Қытайдағы қазақ балуандары.** – Астана: Ер-Дәулет, 2007. - 180 бет

ISBN 9965-436-47-9

Қытай Халық Республикасында тұратын екі миллионнан астам бауырларымыздың ішінде спорт саласы бойынша биік белестерге жеткен ұл-қыздарымыз аз емес. Баяхмет Жұмабайұлының бұл кітабында күрестің әр түрінен олжа салған балуандар туралы баяндалады. Кітаптың тілі шұрайлы, оқиғалары тартымды.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Ж 420400 0000 хабарландырылған – 2007  
00 (05) -07

ББК 75.715.(5 Кит)

ISBN 9965-436-47-9

© Жұмабайұлы Б. 2007  
© “Ер-Дәулет”, 2007

## ТІЗГІН ҚАҒАР

*Баяхмет Жұмабайұлы – мемлекеттік фольклор қоғамының, Шыңжаң және Іле облыстық фольклор қоғамының мүшесі, Шыңжаң және Іле облыстық жазушылар қоғамының мүшесі. Ол Алтайдың көне Жеменейінде дүниеге келген. 1978 жылдан «Дүкендегі жас» сияқты алғашқы әңгімелерімен әдебиетке араласып, бұл күнде елуге жуық әңгіме, бірнеше повесть, көптеген сын және ғылыми мақалалардың авторы атанды. Халқымыздың ауыз әдебиетіне де аянбай тер төгіп, Шыңжаң халық баспасынан «Күй аңызы» кітабын шығарды.*

*Автор көп жылдардан бері этнографиялық, археологиялық жұмыстармен де еңбектеніп келеді. Ол жартас суреттері, балбал тастар, кешендер мен ою-өрнектер және қазба мұралар туралы халқымыздың ұзақ тарихқа ие бай мәдениетіне үңіліп, халқымыздың дүние әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін зерттеген еңбектері жарық көрді. Шыңжаң әсемөнер-фотосурет баспасынан «Дала тағылымы» атты кесек еңбегін жариялап, оқырмандар мен ғылыми зерттеушілердің жақсы бағасын алды. Бұл кітабы 15 өлкелік кітап бағалау жарысында екінші дәрежелі сыйлыққа ие болды.*

*...Жазушы бұл жолы боз кілемде тер төккен қырыққа жуық балуан туралы қалам тербепті. Бұл кесек туынды 2002 жылы Қытай Халық Республикасындағы Іле халық баспасынан «Арыстың алыптары» деген атпен жарық көрген. Қолымызға тигеннен құмарта оқып шықтық. Кітапта Шыңжаң өңіріндегі ұлт саңлақтарының еңбектері шебер тілмен тартымды әңгімеленіпті. Балуандар бәсекесі*

әр қырынан суреттеледі. Қарымды қаламгер қазақтың қайратты ұлдарының жеткен жетістіктерін сүйсіне мадақтайды. Дәлелқан, Әліп, Байқозы сынды алып күш иелері көрсеткен керемет өнерлер қазір аңыз-сынды. Қытай сияқты азулы мемлекеттің басты жарыстарында бірнеше дүркін жеңімпаз, жүлдегер атанған балуан бауырларымыздың ел мерейін өсірген өнерлерін тамсана жазады. Жазушының сөз саптауы, оқиганы жеткізе білу шеберлігі өзгеше. Балуандар хикаясын оқи бастағаннан-ақ бізге тосындау теңеулер, бейтаныс сөз тіркестері мен дағдылана қоймаған сөйлем құрылымдары жиі кездеседі. Бұл – сол өңірдегі қандастарымызға тән сөйлеу мәдениеті мен қалыптасқан жазу стилі. Мұнда қазақтың құнарлы тілі, әдемі сөз өрнегі бар. Сондықтан аздаған түзетулерді ескермегенде, автордың жазу стилін, сөз қолданысын сол қалпында сақтауға тырыстық. Біздің еңбек «Арыстың алыптары» кітабын төте жазудан кириллицаға көшіріп, баспаға әзірлеу ғана болды.

Алла жазса, болашақта Қытай спортында топ жарып, алды әлем чемпионаттарында жүлде алған, Олимпиада, Азия дуына түскен бауырларымыз туралы деректерді жүйелеп, жаңа кітаптар шығарсақ деген ойымыз бар.

## АРЫСТЫҢ АЛЫПТАРЫ

Халқымызға тәуелді спорт ойындарынан көкпар тарту, ат омыраулату, теңге ілу, найзагерлік, наркеспе, садак, шалма тастау, асау үйрету, шаңғы, шана жарыс, құрық салу, қамшыгерлік, атан көтеру, шілдек, тайлақ ойыны, атаман доп, сияқты жүз жирымадан астам ойын түрі бар. Олар өз ерекшелігімен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінге жетіп отыр. Осындай спорт ойындарының ішінде біздің сөзімізге тиек болары тек ата дәстүр ойын түрі – балуандық жөнінде.

Халқымыз «балуан» десе, ең әуелі «балуан - елі мен жерін қорғайтын қормал ер» деп сезінеді, кезінде жаугершілікті көп көрген халқымыз елге пана болатын алыптарға зәру болған. Сондықтан ол кездегі аналар балуан ұл-қыз тууға арман-тілек еткен. Жүкті кезінде аюдың, жолбарыстың, тағы басқа да аңның етіне жерік болатын.

«Бәленбайдың әйелі балуан ұл туыпты» десе, елі қуанып, дұшпандары саса бастайтын. Әке болған адам да «балуан ұл болыпты» десе, болашақта өзінің ғана емес, елінің бақытына жарасын деп тілек айтып, ұлына шаттанып, масайрайтын. Әке, сол әке тілегін, шеше жүрегін қузантып, еліне пана болған ұлдар – Алпамыс, Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғындар. Одан жалғасы ер Жәнібек, Қабанбай, Бөгенбай бастағандар қалың қолға қайыспай қарсы шабатын батыр, белдескеннің белін опырып, құтын қашырған алып күш иелері емес пе?!

Тарихқа үңіле қарасаңыз, осынау қазақ даласында өз атын қалдырып кеткен алыптар қарсыласымен алысқанда,

балтырына дейін қара жерге еніп кететін, қарсы келгенді асықша ататын бура, сүзеген бұқа, арқыраған айғырлармен алысып, алып ұрып, атын шығарған айбарлылар; бесті түйе, атан өгіздерді басынан түріп, жарым тонна келетін затты жалғыз өзі көтеретін бітеу белділер; қолына күрзі, қылыш, найзаларын асып жауына төнгенде, жалғыз өзі қамысқа тиген өрттей жапыратын жанкештілер. Өз бойындағы асқан ақыл-парасат, қайтпас қажыр-қайратамен «елінің жел жағының панасы, сел жағының даласы» болған осы балуандарға елі, ұрпағы неге разы болмасқа?! Неге алтын әріпті өмір естелігіне аттарын тіркеп, ертеңгі ұрпаққа жария етпеске?!

Егер де, ерлігін көрсеткен ерлерді еске алар болсақ, құнан өгізді ат үстінен көтеріп, тайыншаны көкпар етіп ойнайтын, ашуланғанда отыз ерді бір өзі жайпай салатын Бұқарбай; атан түйелердің жілігін опырып, алысқанды имей тынбайтын Сақари; он жігітке күш, айлалыларға дес бермейтін, құдыққа түскен түйеге он жігіттің әлі келмегенде, бір өзі шығарып тастайтын Өмірай; жортуылдан беті қайтып көрмеген, жағаласқанын жықпай тынбаған, сілтеген камшысы қылышша тиетін Нарқозы; жабайы сарлықтың бұқасымен алысқанда мойынын үзіп өлтірген, кеңірдегінен сиырдың тобығы, терінің иі өтетін, жан баласынан жауырыны жерге тиіп көрмеген Байқозы; айдар қойып қырланып, айбар шегіп сырланып келгендерден жүрегі шайлығып көрмеген Төлен; астамдармен алысып, зұлымдардың аптығын басқан Марқалық; бес жүз келі ауырлықты қабырғасы қайыспай көтеретін, білектей темірмен белін байлайтын, «адамның аламойын алыбы» атанған Бұланбай; қайда күші бар десе, іздеп күресетін, табанына тары шашса да, қарсыласын қара жер құштыратын Мұстапа, Қайысбай, Қозыбай сынды аты аңызға айналған алыптар өмір сүрген осы далада, «ат тұяғын



тай басып», олардың мұрасына мұрагер, мұратына мұрындық болған Қажымұқан бастаған далалық балуандар шығып, тірінің жүрегін, өлгеннің жолын жалғап келеді.

Атадан мирас болып қалған осы бір өнер биігінен көріну – ұлтымыз жөнінен тек азаттықтан кейін ғана іске асқандай болды. Бұрынғы арманы ішінде кеткен, күзеуліктің жолында, үйшінің мөрі мен көң қораның басында күресіп, рулы елдің арасында айғайдан аспайтын күн келмеске кетіп, балуан өнері ғылыми өреге көтеріліп, дүниенің барлық алыбымен белдесіп, бес құрлыққа бет алды. Осы сөзімізге айғақ, дүние жеңімпазы, Қажымұқанды кім білмейді?! Ендеше осы Қажымұқанның жолын жалғап, елінің жыртысын жыртып, Отанның намысын қорғап, жер шарын кезіп, азапты жаттығу, ерен күш күдіретімен кеудесін алтын-күміс медальге толтырып, Отан туын әр елдің биігінде желбіретіп, одан даңқын асырып отырған мұндай ерлерді халқымыз еңіреп тұрып марапаттап, шоқ-шоқ гүлмен бүркеп, табан ет, маңдай терінің жеңісіне құтты болсын айта отырып, тарих архивіне қалдыруға неге болмасқа?!

Балуандық өнерін халқымыз ежелден қадірлеп, қастерлей білген. Балуан болуға әуелі тегіне қарап, тұлғасын сынап, мінезін байқайды. Күш-қуат, әдіс-амалын жетілдіруде, әуелі, азапты жаттығуды бастан өткізеді. Балуан өзін дұрыс тәрбиелеп, қымыз, шарап сияқты буынды алатын ішімдіктерге салынбауы, әуейлікке бой ұрмауы, шашты тақырбастап алдырып тұруы (шаш қайратты қайтарады), ауырлыққа дағдылануы, бұлшық еттерін шымыр ұстауы тиіс. Үнемі жаттығу (бала күнінен бастап бұзауды өгіз болғанша көтеру), табанға тары шашып, бұршақ төсеп күресу, күй батпақта, омбы қарда алысып, жаттығу, күш сынасатын жерлерден қалыспау т. б. талап етіледі. Ал, күрес әдісінде

қырқа шалу, балтырдан қағу, жамбасқа алу, ашадан алу, бақайдан алу, іштен кіру, аяқты беріп тарту, иіріп лақтыру, білек қарымын алу, тынысын тарылту тәрізді сан қилы жол бар. Осындай дәстүрлі күрес өнерін тек азаттықтан кейін ғана кәсіби мамандарымыз ғылыми өреге көтеріп, басқа ел, басқа ұлттың озық тәжірибелерін қабылдап, күрес өнерінің түрін молықтырып, бүкіл дүниеге таныта бастады. Қазір әлемде күрес өнері шарықтау кезеңіне көтеріліп отырғанда, байырғы күрес түрінен шықпай қою өте күлкілі де, мешеулік болар еді. Осы биікті талғап, өнерді дамытуды жете түсінген азаматтарымыздан Серік, Айдарқан, Гүлстан, Солтыкендер бар. Олар өздерінің ұзақ жылғы күрес тәжірибелерімен дәстүрлі күрес өнерін ғылыми өреге көтере отырып, ұлттық күрес өнерінің ерекшелігін танытатын кітаптар жазып, ұлтымыздың күрес өнеріндегі кемшін тұсын толықтырып, кейінгі ұрпаққа ғылыми дәлелдер қалдырды.

«Қалам жазбайды, ақыл жазады» ғой, арыстың аты ардақтап жазылар осы еңбекте тіл қуаты жетпеуден, материал кемшін болудан туған селкеуліктер мен кемістіктер кетуі әбден ықтимал, төрелік өздеріңізде.

*Автор.*

## БҰЛАНБАЙ

Қазақ халқының торқалы тойы, топырақты өлімі елдің елдігін, ердің ерлігін танытар, сарапқа салар, саралап шығар өмір жәрмеңкеңкесі іспетті. Қуаныш пен қайғысы, бақыты мен қасіреті, өмірі мен өлімі егіз мынау жалғанда халқымыз «өлімнен басқаның бәрін қызық» санап, оны ерекше думанмен өткізетін болған. Тіпті сол өлімнің өзіне де «арты той болсын!..» деп көңіл айтып, 25 жастан асқан еркекке ас беретін болған. Бұл ас әдеттегі жетісі, қыркы, жылы дегендей мерзімді нәзір есебінде емес, қайта өлген адамның тірліктегі кісілік қасиеті мен дәулетінің шарапатын әңгімелеу әрі қаралы үйдің, ауылдың тіпті елдің күйзелісті күйін аяқтатып, осыдан бастап думанды тойларды өткізе беретіндігін ашық жариялау есебінде болатын.

Міне, осындай думанды той мен аста өнерпаздар өздерін өнер өрінде көрсетсе, сараланған сәйгүліктері де осы сыннан жүлде алып, елге танылатын. Шешендер шежіре көсемдік тілмен, күйшілер күмбірлі күймен көптің көңілінен орын алса, ал, алып күштің иесі саналған азаматтар жолбарыс жүрек, шойын білекпен еселесіп еңсеріп, ел еңсесін көтеріп, арыстың алып, ардагер балуаны болып елге танылатын.

Арқа жеріндегі атағы бар бір адамның асына сауын айтады. Осы сауынға Керейдің ат-атағын асыруға Әжі Гүн ерен әзірленеді (кейде Жәнібек батыр деп те айтылады). Алтай, Еренқабырға, Боғда өңіріндегі әйгілі балуан, жүйрік, сұлу әйел, сал-серілерді әзірлейді. Бәйгеге Алтай бетінде

алдына ат салмайтын Құлашегір мен Көкжал жүйріктерді, сұлудан он жеті жасар Жансұлу деген қызды әзірлейді. Салсеріге Сөстек салды апаратын болады. Балуаннан мен-мен деген арыс балуандар қалып, шаң көрмеген 18 жасар Бұланбай деген баланы мақұлдаған Әжі Гүңге басқалар таңырқай:

– Бұғанасы қатпаған жас баланы ілгері елдің атан жілік балуандарымен қалай белдестіреміз? – дейді. Сонда Әжі жиналған балуанның бәріне өз қолымен ет асатқанда, баланың аузына соза берген қолын сора тартқанын айта келіп:

– Демінде мұндай күш тұрған баланың ертеңінен неге үміттенбейміз, апарайық осыны! – дейді. Баладан ауыл карттары бұрын балуанға түскен-түспегенін сұрағанда, ол балуанға түспегенін, көң қорада алысканда өзі теңдестерді асықша лактыратынын, тобылғыларды қысқанда майын шығаратынын, он алтысында қасқырмен алысканын айтады. Ақыры Алтай елі осы баладан үміт күтіп, Арқаға аттанады.

Асқа арнап тігілген үйлерге жайғасқан Алтай елін жергілікті ел қонаққа шақырады. Ұлы кәриялар төрге жайғасқанда, шу асау биені шоктығынан баса шөке түсірген бір дойыр азамат есіктің көзінде бір алақанын жайып бата сұрайды. Отырғандар бұған таңырқап, күбір-сыбырға басады. Алтайдан барған қонақтар «Ақ балуан» деген осы екенін ұғып, өздерінің бала балуандарының ертеңінен алаңдай бастайды.

Тайқазанда ет асылып, жиналған ел дүркіресіп отырады. Кіріп-шығып жүрген Бұланбайға ас ұстаған қушыкеш жігіттер сорпаның бетінен бір шара майды жұтқызып жіберіп, «және ішесің бе?» деп сұрайды. «Ішсем, ішіп қояйын» деген Бұланбайға және жарым шара май жұтқызады. Қонақтар алдарына ас келген соң «Керейдің бала балуанына» деп жілік беріп, ет асатады. Осылайша жатар жайына қайтқан

Бұланбай таң ата ауыл шетіндегі шилікке арқандаған бір аттың арқанына оралып жатқанын көреді. Кешегі Ақ балуанның өздеріне көрсеткен қыры есіне түсіп, аттың төрт аяғын біріктіріп, буып, білегіне іле көтеріп ауылға қарай жүре бере: «Әй, мынау кімнің аты?» деп дауыстап, білегіндегі атты басынан үйіргенде, түнлік ашып жүрген әйелдер, дәрет алып жүрген кәриялар: «Ойбай әлгі Керейдің бала балуаны бір өлген атты басына үйіріп келеді», деп бір-біріне хабарлап, ел болып дүркіреп далаға шығады. Бала балуанның кешегі тіс қаққан Ақ балуаннан да мығым күшін байқап, таңырқасып, алқасқан сөздер гулесіп, бірден-бірге жетіп жатады.

Ақыры, дабыралы думан басталып та кетеді. Ат бәйгесінде Құлашегір мен Көкжал көптің алды болып келеді. Жансұлудың тал бойынан мін таба алмаған ілгері елдің бір біліктісі ұтығын бергісі келмей: «Аузыңда сәл иіс бар ма екен», деп мін тағады. Сал-серіден Сөстек сал ұтық алады. Он екі қанат үй тіктіріп, түнлік жаптырмай ішіне балуан салғанда, Ақ балуан алас ұрып, бұқаша жер тарпып, бураша көбік шаша келіп Бұланбайды желкеден қағып, есеңгіретіп жіберді. Бұған ашуланған Әжі Гүң: «Қайрат қыл, Бұланбай!» деп дауыстайды. Осы айғайдан жігер алған Бұланбай қайта ұмтылып, Ақ балуанды білектен алып, үйіріп келіп иығына салып, басына бір-ақ көтереді. Сонда өзінен өктем шыққан бала балуанның мына тендессіз күшінен сасқалақтаған Ақ балуан: «Болды, бала, жолымды берем, жықпа» деп, дауыстап, уықтан ұстай алғанда, Әжі Гүң: «Мына неме адаммен күресе ме, ағашпен күрес ме», деп қамшымен тартып жібереді. Сонда Бұланбай Ақ балуанды көтеріп жерге қойып қалыпты. жиылған ел оны қошеметке бөлеп, төбелеріне көтеріпті.

Бұл Бұланбайдың ел көзіне түскен ең алғашқы күресі еді. Бұланбай қалыңдығы жарты кез, көлденеңі мен ені бір

жарым кез келетін тастарды көтеріп ескерткішке қойған, құдыққа түскен түйені жалғыз өзі екі өркештен тартып шығара салатын. Талай-талай алыптарды алып та, шалып та жығып, «алып балуан», жамбасы жерге тимеген атан жілік «арыс азамат» деген атақтар алып, ел мақтанышына бөленген Барақ батыр: «адамның аламойын алыбы болар, бұл ортада мұны жығатын пенде болмас» деп, оның теңдессіз, құдіретті күш иесі екенін бағалаған екен.

Біздің бабаларымыз кезінде осылай күресіп, осылай жігер, қайрат байқатқан. Бүгінгі ұрпақ дәл сол асыл баба, аяулы азаматтардың сарқыты, мұрагері.

## **БАЙҚОЗЫ**

Тозығы жеткен елтірі тымақтың әуелгі көкшіл торғын тысын күн жеп, ит аузынан қалған құстың жүніндей жемтігі шығып, тізесі шыққан тақыр шалбар киіп, тері шақай тартқан адамның қапсағай денелі, кең жауырынды, мойны мен иығы тұтасқан жұмыр тұлғасы мен мұңдалап тұрғанымен, иілген белі, ұсқынсыз өңі оның әрі егделеп, әрі өмірдің ауыр соққысына ұшыраған жан екенін бірден ұғындырғандай.

Шыңжаңда Шыңшысай билік басында тұрып, ұлттар арасындағы қақтығыстар ушығып, ел ішінде алтыбақан алауыздық, соғыс, аштық тауқыметі сынды алапаттар қаптап, тозғындап, күйі кеткен елмен бірге жосып, Алтай Сауырға емес, Арқа мен Алакөлге алып күшімен аты тарап, белдескеннің белін, тайталасқанның тілін тыйып жүрген Байқозы Жасақбайұлының соңғы өмірі, міне, осылайша жоқшылық тақсіретінде өтті.

1933 жылы ол 70-тің төртіне келген еді. 1859 жылы ата-анасы ұрпағының ертеңі бүгінгідей аштық тауқыметіне ұласарын аңғарды ма? Иә, мүмкін, тағдырдың балаларына берген теңдессіз алып күші оны өмірінде ең зор бақытқа кенелтеді деп ойлаған шығар. Ең алғаш Құдакелді байдың асына барғанда, томағасын сол өңірдегі жырынды балуан Төленді тартқан емес пе еді. Тамырлары темірдей көгеріп, жиырылып, тартылып тұрған бұлшық еттері мен еңгезердей бойы қандай келісті десеңізші. Әуелі өзіне аяқ киім табылмай,

ауылдағы Айпара бәйбішенің қыстық мәсісін киген еді-ау. Сонда бүтін ел тұлға-тұрқына таң қалған. Шіркін, ондағы жүректің батылдығын айтып, сұрама! Алдыңда жыртқыш тұр десе де селт етпейтін айбатпен талайды желкелемеп пе еді. Ақыры иығына құнан өгіз артып, екі қолынан төрт азамат қолтықтап сес көрсете шыққан Төлендінің ақырып-бақырғанын қаперіне ілмей, алып ұрып, жілігін үзіп, иығын шығарып, еліне танылып, көп ұзамай Қобық өңіріндегі моңғолдың ноқталанған балуанымен апыр-топыр алысқан жерден иығынан асыра тоқтыша лақтырып шыға берген оның алып күшіне, өжет қимылына айызы қанған халық дән риза болып: «Нағыз балуан осы екен!» деп шуласқан. Өз балуаны жығылып, намысы кетіп бара жатқан моңғолдың уаңы арамзалығын ішіне бүгіп, Байқозының нағыз күшін жайылымдағы сарлықтың бұқасымен алыстырып көргісі келеді. Өзімен бірге барған азаматтардың ара түсе алмай отырған әлсіздігін көрген Байқозы ызаға булығып, бұған да тәуекел дейді.

Мойнына құрық түспей тағыланып кеткен сарлықтың бұқасы Байқозыны көргенде байыз таппай, желігіп оны жерге кіргізіп жіберердей ұмтылады. Екі мүйізі қолына ілінген Бәкең бұқаның тұмсығын бірнеше рет қара жерге нұқып-нұқып жібергенде, бұқаның кеңсірігі талқандалып шыға келеді. Өз өмірінде аю, қасқырдан да мұндай жыртқыштықты көрмеген бұқа жүрегі шайлықты ма, есенгіреп барып есін жиып, шегіне кетпек болады. Бірақ, мүйізіне зілдей болып жабысқан бұл пәледен құтыла алмайды. Әлден уақыттан соң, бұқаның басы екі бөлініп, мойны опырылып түседі.

Шаң арасынан бұқа шыға келіп, өздеріне қарай жүгірсе, жан дәрмен қашкалы тұрған топ, бұқаны таудай етіп жайратып



тастап келе жатқан Байқозыны көргенде алақайлап сүрен салады. Моңғол уаңы «мынау адам баласы емес, арыстанға ұқсайды» деп сағы сына береді.

«Иә, ол кезде неден қорқушы едік! Алып ұрып берсен, айдап қайтасың, біреудің жанына батқан ісіне жақыншы болсаң, неше күн көл-көсір күтімде жатасың. Жұлып та, жұлысып та шыдап, мал табатын күн емес пе бұл?» деп сол бір жастық күндердегі беті қайтпас ерлігін есіне алса, тағы бірде отырып: «Осы алып күш бірде бағыма бітсе, бірде сорыма жабыскандай, бағым болатыны – құдыққа түсіп кеткен өгізді ырғап тұрғанымда, көріп тұрған пенденің сүйінбейтіні жоқеді. Өгізді «әуп» деп сыртқа тастай бергенімде, талайлар көзіне жас алып, өзіме бақыт, ғұмыр тілемеуші ме еді. Кедейлігімді көріп, жыл сайын егделеп бара жатқан жасыма қарап: «Әл-куаты қайтты, бір желкелеп алайық», дегендердің талайының жонынан таспа алып, жотасын басқанымда кім сүйсінбеді, бәрекелді айтпады дейсің. Ал, зияны бар дұшпанның бетін қайтарсаң, он дұшпан тұралап отырады екен. Басқаға жақ боламын деп дұшпанымды көбейтсем, кедейлігіме егескендей кеңірдегім де күшті болмады ма. Оппам түскенде бірер малдың еті жұмырыма жұқ болмады. Талай бәсте тобық жұтқаным, жілік сындырып, жауырын ұшырғаным елге кейде мақтан, кейде күлкі болып жүрмей ме. Әсіресе, бір жолы түнде қаңғырығым түтеп келіп, байлы ауылдан сусын ұрлап ішем деп жүріп, қараңғыда тері шылаған бір астау иді ішіп алмасым бар ма» деп, өткен-кеткенін ойлаған Байқозы мырс етіп күліп жіберді. Ол қасындағы қоржынның қабысқан бүйірін басып-басып қойып, «Елде болмаса, ерінге қайдан тисін, халық күйзелді ғой» деп, ауыр бір күрсінді. Өзінің егде тартып, еңкейген кезінде есесін қайтарып

алмақшы болған бір ақымақ азаматтың күресем деп келіп жер құшқанын, екі жігіттің шоқпарының басын желкесімен қысып алғанда, шоқпарын суырып ала алмай қойғанын есіне алғанда: «Құдайға шүкір, жетпіс жасыма дейін қайратым бойымда болды, әйтпесе, боғымды мүжиді екенмін», деп ойлады. Ол бір кезде өзінің тізесін батырған қарашалды, өзіне батасын берген Құланбайдай ержүрек алыптарды ойлағанда: «Е, олардан да қалған дүние емес пе, мен де дәурендедім ғой бір кезде. Енді кәрілікке, өлімге мойынсұнуым керек. Бұл әсте жығып алатын күшіңе келмейді ғой. Мойындайын мына жазмышты», деген оймен ауыр күрсінді. Бестеректің бас-аяғына көз жүгіртіп, онда өткен өмірін көз алдынан және бір өткізіп, шұрылдап бара жатқан қарнын күректтей қолымен бір сипап қойды. Етінен арылған денесінің ауыр тартып бара жатқанын байқады. Өз басы өзіне ауыр сезілді. Сонда барып бір-ақ ойлады: «Е, аштық әлімді алған екен. Енді маған тұру жоқ, аяғымнан өрлеген ісік мынау, қош бол, жарық дүние! Қош бол, өзімді әлпештеген аяулы елім», деп жантая берді.

## СИЫРШЫБАЙ

1930 жылдың қоңыр күзі Майлы-Жайырдың Керейі мен Түресі Сауырдағы Әлен уаңның дабыралы тойына талайдан әзірленген еді. Қанатты жүйрік, қарымтал балуан, от ауыз шешен, білгір көсемдерін әзірлеп, ат шығарып қалуға асықты. Шартарапқа тараған осы дабыраға Алтай Керейлері де қарап жатпады. Әсіресе, Қанапия бейсі «Алтай Керейлерінің намысы» небір жорға, жүйрік, әнші, күйшілерді әзірлей бастаған еді. Осының ішінде талай-талай мен-мен деген балуандарды көз алдынан өткізсе де, көңілі толмай, ақыры аты дүмпу қозғап жүрген Сиыршыбайға назары ауып, соны шақыруды жөн көрді. Әйтсе де, Сиыршыбайдың балуанға түсу билігі Алтай бетіне абыройы асқан, ақылдың кені. айланың теңі, болған билікті ағасы Қарағұл зәлінің қолында еді.

Райыс кәриядан қалған Қарағұл, Сиыршыбай, Өгізшібай атты ағайынды үш ұлдың берекесі, адамгершілігі, ат-атағы Алтай бетіне танымал еді. Осы берекенің, абыройдың ұйтқысы Қарағұл болғандықтан, бәрі Қарағұлды төңіректей-тұғын. Ал, Қарағұл інісі Сиыршыбайдың бас амандығына алаңдап, «Балуанға тіл, көз тез тиеді. Дұшпаны көбейсе жазым болады» деп, күресуден шектей бастаған еді. Сондықтан Сиыршыбайды балуандыққа салу үшін Қарағұлдың алдынан өтуге тиістілігін ескерген Мәми шабарманын жөнелткен болатын. Қарағұл көнбей қайтарған соң ақыры: «Мәмидің теңдігі үшін емес, елдің елдігі үшін» деп, сәулетін ат

көтермей жүрген ұлы Қанапияны жіберген соң, «Ел үшін туған азаматтың қаны мен жанын несін аяйын» деп, інісіне рұқсатын береді.

Мәми Сиыршыбайдың талай-талай балуандығын құлағы шалған еді. Әсіресе, 1917 жылы 19 жасында Құбының құмында жылқы отарында жатқан он шақты жігітті бір өзі байлап кеткенін анық білетін. Содан бері күрескенін жығып, беттегенін алатын, лақ тартса алдына жан салмайтын. Бурылтоғайдың «Көк қамысындағы» сазға түскен түйені табанына қамыс тастатып, екі ырғап барып құйдан шығарып алғанын, көзіне ноғала түскен жылқы құдыққа түсіп кетіп, кептеліп қалғанда алды-артынан арқан салып ырғағанда құдықтағы су сабадағы іркітше сапырылып, одан қорадағы мал үркіп, «әуп» деп бір күшенгенде жылқыны анадай жерге тастай салып, талайды тамсантақанын, Ертіс бойы бұрамдағы қайық қайраңдап қалып, әуре-сарсаң болып жатқанда арқанды беліне салып тұрып, бір сілкіп барып қайықты қайраңнан жұлып алғанда, қайраңға тізесінен шөгіп кеткенін; Қыстаубай Салымбақының жылқысына өзінің бір жылқысының ілесіп кеткенін көріп, артынан іздеп барғанда, қоста жатқан 8 жігіт оның кім екенін танымай, бірі атып, бірі қағып қылжак еткен соң, ақыры сегізін бірдей байлап, өзінің Сиыршыбай екенін танытып кеткені сияқты талай-талай таңқаларлық әңгімелерін әр жерде естігені бар еді. Енді міне, сол атышулы азамат алдына келіп тұрғанда оның қызыл шырайлы жүзіне, оттай жайнаған қос жанарына, желкесі мен иығы тұтасқан төртбақ шойын мүсініне таңырқай қараған Мәми: – Елдің елдігі үшін Сауырға апарсақ деп отырмыз, балуаным сені, мына жиналған ел жойқын күшінді бір көрсек деп отырған жайы бар. Сонда өзіңе түскен жеті балуанды бақайыңа ілмей алып ұрдың. Енді күшіңнің қаншалық екенін

әйгілейтін бір тас көтеріп, соны естелік қалдырсаң қайтеді! – дегенде, аз сөзді, ауыр мінезді балуан үш жүз келіден астам ауырлықтағы қара тасты әуелі бес-алты жігіт шығып көтеруін өтінді. Сығайланып шыққан азаматтар көтере алмай қайтқан соң, Сиыршыбай барып бір көтеріп, кеудесіне алып, бес жүз метр шалғайдағы төбешікке шығарып қояды.

Мынадай теңдессіз күшті көрген Мәми, алдағы барғалы тұрған бәсекенің жеңісі көз алдына жетіп келгендей болады. Қарағұлдың інісі Сиыршыбайды мақтаныш еткен мына әңгімесін есіне алады: – Жайлауға бет алған көшіміз «Өлген қыранның» көпір тасынан өтіп бара жатқанда, бір түйеміз жүгімен қоса қорым тасқа түсіп кетеді. Ауыл азаматтары қанша әуреленсе де, түйені қайтып жолға шығара алмай діңкелеп, амалсыздан жүгін шешіп, түйені сайды құлдағып алып шығаруды жөн көреді. Осы кезде Сиыршыбай түйені төрт аяқтатып байлайды да, кереғап көтергендей иығына салып, көш жолына әкеп тастай салады. Бауырымның күші барын білсем де, мұндай шектен тыс күш иесі екенін осы жолы ғана аңғардым, – дегенде отырғандар дуласып, таңырқасып кеткен еді. Қарағұл тіпті шабыттана: – «Ол-ол ма, қыстаулық салдырып жатып, жіңішке басы 40 сантিলік, алты метр ұзындықтағы мэтшаны (бөрене) бес азамат көтере алмаған соң, Сиыршыбайды шақыртқан едім, ол мэтшаның бір басын жеп-жеңіл иығына алды да, төбеге қоя салды», – дегенде, Қарағұл сөзін естіген Мәми: «Мынандай болғанда теректі жұлып алғанда, алты жігіт осы жұлып алған теректі сүйрей алмай қойыпты», деген сөз рас болды ғой деп ойлап, таудай тасты көтеріп, жарым шақырым жерге апарып қойғанын көргенде, Сиыршыбайдың күшін еріксіз мойындаған еді. Осылайша Сиыршыбай мен Ахметжанды Алтай Керейінің атында Сауырға әкетеді.

Қанапия, Ботақара, Бұршақбай, Қыстаубай, Сәлімбай бастаған ұлықтар бір-бір үйге түсіп, тойдың бастауын төрт көзбен күтіп жатты. Тігілген жүзден астам үйдің ортан белінен орын алған Тарбағатайдан келген Мамырбек төренің бұл рет «Өгіз балуан» деген бір балуан әкелгендігі құлақтан-құлаққа жетіп, бірталайдың сағын сындыра бастайды. Тіпті кей дәмелі балуандар шегініп те кетті.

Жиналған ұлықтар өздерінің әкелген өнерлілерін сыншылардың алдынан өткізіп жатты. Бұл тойдың құрметті қонағы болып келген Байқозы балуанға Қанапия өз балуандарын сыналып, батасын алған еді. Сиыршыбайды көрген Байқозы «мынаның сүйегі сіңіріне бірдей байланған тарамыс екен», деп Қанапияны желпіндіріп тастайды. Осындай абыр-сабырда әлгі үрей болып тараған Мамырбек төренің балуанын ел арасында Сиыршыбай да барып көреді. Еңгезердей, балтыр, омырау еттері салақтаған божбан қара қабағынан қар жауып, төңірегіне айбаттана қарап, бұлшық еттерін екі жігітке уқалатып отыр екен. Сиыршыбай қайта оралғанда Қанапия: «Дәуді көріп, балуанның жүрегі шайлықты ма екен, байқайын» деп ойлана, «қандай екен?» деп сұрағанда, Сиыршыбай тыжырына «Мынау өзіммен күресіп жүрген балуандардың бәріне жетпейді екен. Өзі жүрексіз, еттері болбыр, тез болдыратын ат сияқты» дегенде, Қанапия Сиыршыбайдың жүректілігін еріксіз мойындаған еді.

Асыға күткен думанды той да, қиян-кескі сайыс та басталды. Төре, Керей болып өнер бәсекесі қыза түсті. Төре алғаш айласын асырмақ болып, бас балуанымыз деп шығарған балуанға Ахметжан түсіп, оны жығып, ұтық алған еді. Соңынан сол дәу балуанды нокталап, шынжырларын шылдырлатып, екі атпен жетелеп алып шығады. Еңгезердей қара дәу екі атты адамды сүйрелей жараған бураша көбік

шашып шығады. Сиыршыбай Бұршақбайдың артына қона майданға келіп, түсе қалып еді, әлгі шынжырлы балуан аюша ақырып, бұқаша топырақ тарпып, Сиыршыбайға тұра ұмтылады. Екі алып қалай айқасқаны белгісіз, қас-қағым уақытта Сиыршыбайдың бір қолы дәудің бұғанасынан ұстап, бір қолымен жүн-жүн болған кеудесінен тірей қалған еді. Әлгі қара дәу бағанағыдай емес, айбаты өшіп мықшия бастайды. Сиыршыбай итере беріп бір сілкіген еді, қара дәу кескен теректей алдына келіп сұлап түседі. Сиыршыбай дәудің басынан аттап барып Бұршақбайға мінгесіп, майданнан шыға береді.

– Абылай, Абылай, Жәнібек!

– Шақабай, Шақабай! – деген айғайлар Сауыр аспанын зіл-зала етеді.

Бұғанасы шығып, қабырғасы сынып қалған дәу балуанды сүйемелдетіп әкеткен төрелер: «Қараның төренің басынан аттағанына айып саламыз», деп даурығып, Шынжыр деген балуанның Қапас деген атын жасырып: «Советтен ауып келген, руы найман, Жәлел деген адам», деген қауесет таратады.

Міне, осылайша балуаны жығып, бәйгесі келген Алтай Керейлері бұл жолы қуанышпен оралады. Осыдан бастап, Сиыршыбайдың аты шартарапқа тарайды. Тіпті, Сиыршыбайды іздеп келіп күресушілер де, сынаушылар да молыға түседі.

Бір жолы Алтайдағы әйгілі Токбайдың асында аты бәйге алған Құлтайболат Байғали «енді балуандықтың да жүлдесін аламын» деп, арысқа салып, жүлде алған. 1941 жылы «Асубайда» алтын қазып жатқан Сиыршыбайды Моңғолиядан Нұрахмет деген балуан арнайы іздеп келіп: «естісем сенде он жігіттің күші бар дейді, бір сынайын деп келдім» деген

соң, Сиыршыбай оның бас-аяғына көз жіберіп, «әуелі қол қысысайық» дейді. Екі балуан қолдаса кеткен жерден Нұрахмет шөке түсіп отыра кетеді де: «Болды, мойындадым, күресе алмайды екенмін» деп, келген беті қайтып кетеді.

Тағы бір жолы, Сиыршыбай кез-келген шу асауды құлақтап мініп кете береді дегенді естіген Құлтайболаттың бір байы Сиыршыбайды арнайы шақыртып алып, жылқы ішіндегі бесті асау қарала биені көрсетіп: «Ананы ұстап мініп кетсең сенікі болсын» дейді. Сиыршыбай мынаның өзін сынап тұрғанын аңғарып, әуелі шалма лактыру өнерін көрсетіп, асауды ұстаған соң, құлақтап тұрып, ерттеп мініп кете бергенде әлгі бай: «Әке-ау, өзінің жылқы перісі бар дегені рас екен-ау» деген екен.

1947 жылы Тасбике Ыдырыштың ауылы қаралы болып, Күртінің Егінбұлағында отырғанда, бір түйе құйға түсіп қалып, ақыры Сиыршыбайды шақыртады. Сиыршыбай оны екі ырғап тұрып құйдан шығарып тастайды, ауылдың бір қариясы: «Балам-ай, өмірінде өзіңе тең келіп күрескендер бар ма еді, сірә?!» дегенде Сиыршыбай: «Күшім тасығанда не істерімді білмеймін. Алтай Сауырдың бетінде Ахметжаннан басқа менімен белдесер ешкім шыққан емес», деген екен.

1950 жылы елуден асқан атамыз екі мәтшаны атына сүйретіп бара жатып, қайқайыста аты сүйреп шығара алмай қалғанда, аттың мойнындағы мойынтұрықты иығына алып жіберіп, мәтшаны өзі сүйреп шыққан екен. 1940 жылы Қарағұл залыңды Гоминдаң үкіметі «пандүнхүй (жиангерлікке қарсы) ұйыммен қатысы бар» деген жаламен қолға алынып, түрмеде аяусыз қинаумен өлтіріледі, ал, Сиыршыбайды «Құрал жасырған» деген жаламен қолға алады. Інісі Өгізшібайды қылмысты етіп, Үрімжіге жөнелтеді. Ұзамай Алтай партизандарының Гоминдаң үкіметіне аяусыз соққы